

~~"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ~~  
~~ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР  
ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР~~ «18» желтоқсан 2014 жылғы  
201 5 ж. "11.02" ЖҮРГІЗІЛДІ № 331  
БСН 000840000596  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 08.06 жыл 2000  
КҮӘЛІК 8348-1901-АБ

Жалғыз акционердің  
2014 жылғы  
шешімімен бекітілген

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**  
201 0 ж. 09.07 ЖҮРГІЗІЛДІ  
КҮӘЛІК № 37390-1901-АБ  
БСН 000840000596

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР  
ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**  
201 5 ж. "11.02" ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 000840000596  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 29.07 жыл 2010  
КҮӘЛІК 37390-1901-АБ

**«Ұлттық ғылыми медициналық орталық»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы Қоғамның заңды тұлға ретіндегі мәртебесін, оның орналасқан жерін, органдарын, құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамына қайта құру арқылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 658 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі - Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

4. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Национальный научный медицинский центр»;

3) ағылшын тілінде: join-stock company «National scientific medical research center».

5. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ҰҒМО» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «ННМЦ»;

3) ағылшын тілінде: JSC «NSMRC».

6. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хан даңғылы, 42-үй.

7. Қоғамның мәртебесі ірі кәсіпкерлік ретінде анықталған.

8. Қоғамның осы Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) Қоғамның құрылтайшы құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

10. Қоғамға бизнес-сәйкестендіру номері (БИН) 000640000596 берілді.

11. Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланктері және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

12. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Қоғамды Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### 3. Қоғамның жауапкершілігі

15. Қоғам өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

16. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

17. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### 4. Қоғамның негізгі қызмет түрлері

18. Қоғам қызметінің негізгі мәні денсаулық сақтау және ғылым саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

19. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) жоғары интеллектуалдық капиталға, заманауи жабдықтар мен инновациялық технологияларға негізделген стационарлық жоғары мамандандырылған медициналық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті ұсыну;

2) медицина ғылымы мен ғылыми әріптестік саласында Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының өзекті және басым бағыттарын дамыту;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамыту және ғылыми кадрларды даярлау бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен бағдарламаларға сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

4) қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде қызметтерді көрсету;

5) инвестициялық тартымдылық есебінен ғылыми-зерттеу қызметтерін жетілдіру;

6) жақын және алыс шет елдерден әріптес ретінде жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарын тарту есебінен жаңа технологиялар трансфертін жүзеге асыру және медициналық туризмді дамыту;

7) сақтандыру компанияларының клиенттеріне, бекітілген контингентке және азаматтардың өтініштері бойынша шарт негізінде амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмекті көрсету;

8) қаржылық, кадрлық және материалдық ресурстар менеджментінің заманауи жүйесін әзірлеу, енгізу және дамыту;

9) денсаулық сақтау және ғылым мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларды, мастер-кластарды, семинарларды, симпозиумдарды, кеңестерді, телеконференцияларды, телекөпірлерді ұйымдастыру және өткізу;

10) көрсетілетін қызметтердің сапа менеджментінің заманауи жүйесін дайындау, енгізу және дамыту;

11) Қоғамда жүзеге асырылатын бизнес процестерді заманауи ақпараттық ресурстармен және бағдарламалық құралдармен қамтамасыз ету, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту;

12) ұсынылатын қызметтердің тиімді алға ілгерілеуі үшін маркетингтік қызметті жүзеге асыру;

13) мемлекеттік және басқа да гранттар негізінде, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу;

14) медициналық қызметтерді көрсету технологияларын жетілдіру (дәлелді медицина қағидаттарына негізделген диагностика және емдеудің заманауи хаттамаларын дайындауға, диагностика мен емдеудің инвазивті және инвазивті емес әдістерін жүргізу бойынша әдістемелік және жұмыс нұсқаулықтарын дайындауға қатысады);

15) Қоғам қызметін жақсарту мақсатында консультативтік-кеңесші органдар мен ауруханаішілік комиссияларды ұйымдастыру және құру;

16) пациенттердің оңтайлы емдік тамақтануын қамтамасыз ету және Қоғам қызметкерлері үшін қоғамдық тамақтану пункттерін ұйымдастыру;

17) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру;

18) диагностика мен емдеу хаттамаларының шеңберінде пациенттерді медициналық оналту бойынша шараларды өткізу;

19) патоморфологиялық қызметтерді көрсету;

20) медициналық жабдықтарды жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді, жабдықтарға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

21) негізгі құралдарды ұстауды және оларды пайдалануды қамтамасыз ету;

22) денсаулық сақтау және ғылым саласындағы ғылыми, анықтамалық, әдістемелік, оқу және өзге де әдебиеттерді дайындау, шығару, аудару және басылымға жіберу;

23) Қоғамның жылжымайтын мүлік объектілерін салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды атқару болып табылады.

20. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы бар болған кезде жүзеге асырады.

Қоғам оны құрудың мақсаттарына жауап беретін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

## 5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

21. Қоғамның мүлкі:

1) Қоғам акцияларын төлеуге Жалғыз акционер берген мүліктерден;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстардан;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен қалыптасады.

22. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 6. Қоғамның бағалы қағаздары

23. Қоғам қарапайым акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығарады. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысы мен бағалы қағаздарды өтеу жағдайы мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

24. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

25. Жай акция Жалғыз акционерге Заңға сәйкес қарауға шығарылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға, егер Қоғамда таза табыс болса дивиденттер алуға және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен оны таратуда Қоғамның мүлкін алуға құқық береді.

26. Жарияланған акциялар саны негізінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, орналастыру әдісі мен орналастыру (сату) бағасы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

27. Қоғам акцияларын бір немесе бірнеше рет орналастыру арқылы шығарып мемлекеттік тіркелгеннен кейін ғана өз акцияларын орналастырады.

28. Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді, онымен жасалған шарт негізінде Құнды қағаздардың бірыңғай тіркеушісі жүзеге асырады. Қоғам сатып алынған меншікті акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесіне міндетті түрде қосуға жатады.

Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

30. Жалғыз акционердің жазылған және толық ақысы төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акция ұстаушылар тізілімінің жүйесінен жасалған үзінділер жатады.

31. Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы мен есепке алудың басқа мәселелері Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде айқындалады.

## 7. Қаржыландыру және Қоғамның табысы

32. Қоғамның таза табысы Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивиденттер төлеуге бөлінеді.

33. Жалғыз акционер дивиденттерді төлеуді жылына бір рет жүргізеді. Дивиденттерді есептеу мен төлеу туралы шешім жыл қорытындылары бойынша Жалғыз акционермен қабылданады. Дивиденттер оларды төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап он күннен кешіктірілмей төленеді. Қоғам дивиденттер төлеуді ақшамен жүргізеді. Дивиденттер төленген акцияларға ғана есептеледі.

34. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төленбейді:

1) меншік капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде пайда болса дивиденттерді есептеуге жол берілмейді.

35. Дивиденттер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивиденттердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## 8. Қоғамның органдары

36. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы (алқалық) – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

## 9. Жалғыз акционер

37. Қоғамда барлық дауыс беретін акциялар Жалғыз акционерге тиесілі. Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне Заңда тиесілі мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен жеке қабылданады және жазбаша түрде ресімделуі тиіс. Шешімдер Қазақстан Республикасы заңдарына және Жалғыз акционердің Ережесіне сәйкес осындай шешімдер қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің қызметкерімен немесе лауазымды тұлғаларымен, органмен қабылданады.

38. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 3) Директорлар кеңесі қызметі туралы ережені бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 4) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе жою;
- 5) Қоғамның хабарланған акциялар санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның хабарланған әлі орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту тәртібі мен жағдайын анықтау;
- 7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) орналастырылған акциялардың бір түрін келесі түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстырулардың жағдайын және тәртібін анықтау;
- 9) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, өкілеттілік мерзімдерін, сандық құрамын анықтау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен өтемақылар шығындарын мөлшерін және оны төлеу жағдайларын анықтау;
- 10) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық мекемені анықтау;
- 11) жылдық қаржы есептерін бекіту;
- 12) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын тарату тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептелгендегі дивидент мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамға тиесілі барлық пайыздардан және сомасы жиырма бес пайыз құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа да заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы немесе басқа да заңды тұлғалар қызметін құруда Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғаммен оларды сатып алуға акциялар құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту;

17) Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге ұсыну тәртібін анықтау;

18) Жалғыз акционердің жеке құзыретіне Қазақстан Республикасы заңдарымен және (немесе) осы Жарғымен жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.

39. Жалғыз акционер құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша Жалғыз акционер өз бетінше шешім қабылдайды, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қабылданатын мынадай шешімдерді қоспағанда:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;

3) жылдық қаржылық есепті бекіту және есепті қаржылық жылына Қоғамның таза табысын бөлу;

4) Қоғамға тиесілі барлық пайыздардан және сомасында жиырма бес пайыз құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа да заңды тұлғалардың қызметін құруда Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесі мүшелерін сандық құрамын, өкілеттілік мерзімдерін анықтау мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен өтемақылар шығындары мен оны төлеу жағдайларын анықтау;

6) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді жою.

#### **10. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері**

40. Қоғамның Жалғыз акционерінің:

1) Заңға және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғам Жарғысымен айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;

6) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) заңды актілермен қарастырылған жағдайлардан басқа, Заңда белгіленген тәртіппен, өз акциясына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басым түрде сатып алуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға келтірілген зиянды төлеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) аффилиирленген тұлғаларымен, олардың жасалуына қызығушылығы бар, ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау қорытындысында алынған кірісті (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен шағымдануға;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен және Қоғамға сұратудың келіп түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам жойылған жағдайда мүлігінің бөлігіне;

11) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге;

13) Қоғамның ішкі қызметіне қатысы бар мәселелер бойынша Қоғамның басқа да органдарының кез келген шешімін өзгертуге құқығы бар:

41. Қоғамның Жалғыз акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғамның тіркеушісін және номиналды акцияны ұстаушыны Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Жалғыз акционермен шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Қоғаммен алынған таза табысты тарату туралы шешімді уақтылы қабылдауды қамтамасыз етуге және Қоғаммен Қоғамның мемлекеттік акцияларына тиесілі дивиденттерін аударуға;
- 5) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

### 11. Қоғамның Директорлар кеңесі

42. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

43. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 5) Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын және құнды қағаздарын шығару жағдайын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату;
- 8) Төраға және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлерін және еңбекке ақы төлеу жағдайын, сыйақы мөлшерлерін анықтау;
- 9) Ішкі аудит қызметінің өкілеттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау еңбекке ақы төлеу мөлшері мен жағдайын және ішкі аудит қызметкерлеріне сыйақы беруді анықтау;
- 10) корпоративтік хатшының өкілеттілік мерзімін, оның жұмыс тәртібін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақы жағдайын анықтау;
- 11) қаржы есептілігіне аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымға қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге немесе ірі мәміле мәні болатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;



12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органы қабылдайтын құжаттардан басқасы), оның ішінде аукциондарды жүргізу жағдайы мен тәртібін және қоғамның құнды қағаздарына жазылуды белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

13) Қоғамның құрылымын бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын сатып алу (шеттету) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның акцияларының он және одан да көп (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) пайызы жататын заңды тұлғалар акционерлерін (қатысушылардың) жалпы жиналысы құзыретіне жататын қызметтері жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп мөлшерін құрайтын көлемге міндеттемелерін көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) Қоғамның құрылуына қызығушылық танытқан ірі мәмілелер және мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;

20) Жалғыз акционердің жеке құзыретіне жатпайтын, Заңмен және (немесе) осы Жарғыда көзделген басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

44. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және жалғыз акционер деңгейіндегі болуы мүмкін дауларды, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және қызығушылығы бар мәмілер жасауда теріс пайдалануды мүмкіндігінше жою және қадағалауға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жасауға;

3) Қоғам мен Жалғыз акционер мүддесіне, ашықтық, ақпараттандыру негізінде еңбек шартымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Жарғысымен, ҚР заңнама талаптарына сәйкес әрекеттесуге;

4) Жалғыз акционерге әділдікпен қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша дұрыс тәуелсіз қорытынды шығаруға.

45. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

46. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционер өкілдері санынан, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілінен, тәуелсіз директорлардан және басқа да адамдардан құрылады. Басқарма мүшелері, Басқарма Төрағасынан басқасы, Директорлар кеңесі құрамына сайлануы мүмкін емес.

47. Директорлар кеңесі құрамы кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің отыз пайыздан кем емес құрамы тәуелсіз директорлар болуы керек.

48. Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар сәйкесінше жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі мен іскери және/немесе сала ортасында Жалғыз акционер және Қоғам мүддесіне міндеттерін орындауға және ДК жұмысын нәтижелі ұйымдастыруға қажет оңтайлы жетістіктерінің бар болуы керек.

49. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) жоғары немесе арнайы орта білімі жоқ адам;

2) өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы бар адам;

3) бұрын осы адам басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкроттық консервация, санация, мәжбүрлеп тарату

туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайланушы тұлғаларға ұсынылатын өзге да талаптар.

50. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқасы көзделмесе, Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар қайтадан бірнеше рет сайлана алады.

51. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап мерзімі басталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіліктерін уақытынан бұрын тоқтатуға құқылы.

Кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату оның тілегінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесі осы хабарламаны алған уақыттан бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтаған және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғының өкілеттілігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттілігі мерзімі аяқталғанша болады.

52. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшесі болатын Қоғам Төрағасына сыйақы төленбейді.

53. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

54. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

55. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарды жүргізеді және хаттамаларға қол қояды;
- 4) Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілеумен Қоғамның Басқарма төрағасымен Қоғам атынан еңбек шартын жасайды;

Директорлар кеңесі төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады, мұнда Директорлар кеңесі төрағасының функциялары Қоғамның басқарма төрағасымен жүзеге асырылуы мүмкін емес.

56. Маңызды мәселелерді қарау үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа да мәселелер.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзырына жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс атқаруы үшін тиісті кәсіби білімі бар директорлар кеңесі мүшелерінен және сарапшылардан құрылады.

Директорлар кеңесі комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақтың 1) және 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау функцияларына кіретін Директорлар кеңесі комитетінің жетекшілері (төрағалары) тәуелсіз директорлар.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерінің құру тәртібі және жұмысы, олардың саны, сонымен қатар сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатпен белгіленеді.

57. Директорлар кеңесінің отырысын Төраға немесе Қоғам басқармасының төрағасы немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық мекеменің;
- 4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

58. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі төрағасына Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі белгіленген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастама жасаған адам осы талабымен Басқарма төрағасына жүгінуге, ал ол Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқарма төрағасы шақыру туралы талап түскеннен кейін он күн ішінде шақыруы керек.

Директорлар кеңесінің отырысы осы талапты ұсынған адамды міндетті түрде шақырып өткізеді.

59. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысы өткізілетіні туралы хабарлама жіберу, отырысты өткізу және шешім қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

60. Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесі мүшелеріне отырыс өткізілетін он жұмыс күннен бұрын ұсынылады.

61. Жасалуына қызығушылығы бар, ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле жасайтын тараптар, мерзімдері мен орындау жағдайлары, тартылған адамдардың үлес мөлшері, сонымен қатар бағалаушының есебі (Заңда қарастырылған жағдайда) туралы мәліметтері болуы тиіс.

62. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысына оның қатысу мүмкіндігі жоқ екені туралы атқарушы органды алдын ала хабардар етуге міндетті.

63. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жетуге жеткіліксіз болса, басқарма төрағасы Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін жүгінуге міндетті.

64. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болады.

65. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

66. Қоғамда Директорлар кеңесіне қарауға шығарылған мәселелер бойынша ашық, сырттай және аралас дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімін қабылдауы мүмкін.

Сырттай/аралас дауыс беру арқылы алынған шешім белгіленген уақытында алынған бюллетеньдерде кворумның болуына қарай қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай/аралас шешімі жазбаша түрде ресімделеді және оған корпоративтік хатшы, Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға жол берілмейді:

- 1) Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 3) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау;
- 4) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау;
- 5) Қоғам қызығушылық танытқан ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау.

Сырттай дауыс беру арқылы шешімді ресімдеу күнінен бастап, жиырма күн аралығында осы шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуі керек.

67. Ашық түрде өткізілген отырыстарда қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері хаттамаланады, ол отырыста төрағалық етушімен, корпоративтік хатшымен отырыс өткізілгеннен кейін үш күн мерзімінде жазылып қол қойылады және оның мазмұны мынадай болуы керек:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және мекенжайы;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы ақпарат;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, және олар бойынша дауыс беру қорытындылары Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындысын көрсету;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да деректер.

68. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы алынған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен және шешімдерімен танысуға және /немесе/ олардың корпоративтік хатшымен қол қойылып Қоғам мөрі басылып расталған үзіндісін ұсынуға міндетті.

69. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына қатыспаған немесе Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзумен қоғамның директорлар кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

70. Егер осы шешімде Қоғамның және /немесе/ Жалғыз акционердің заңды мүддесі және құқығы бұзылса, Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің осы Заңның және Жарғының талаптарын бұзумен қабылданған шешімін сотта дауалауға құқылы.

71. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысымен Басқарма немесе Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ. Тізім осы Жарғының 43-тармағымен белгіленген мәселелер Қоғамның басқармасына шешу үшін берілуі мүмкін емес.

## 12. Қоғамның атқарушы органы

72. Алқалы атқарушы орган – Басқарма, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқармаға Басқарма төрағасы басшылық етеді.

Қоғам Басқармасы Басқарма төрағасынан, оның орынбасарларынан және өзге де адамдардан құрылады.

Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан құрылады.

Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет шақырылады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауыс арқылы шешуге қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілуге, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуы тиіс.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

73. Қоғам Басқармасы Қоғам қызметінің Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғамның осы Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатпайтын кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

74. Қоғам Басқармасының төрағасы:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның өзінің жарғылық капитал көлемінің он пайызға дейінгі мөлшердегі міндеттемелерді ұлғайту туралы шешімдерді қабылдайды және заңнамада, осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан тиісінше мәмілелерді жасайды.
- 3) Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы ескеріліп, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;
- 4) Қоғам қызметкерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін жобалайды және бекітеді;
- 5) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыруға қажет ішкі құжаттарды бекітеді;
- 6) Қоғамның жұмыс кестесін бекітеді;
- 7) Қоғамның барлық қызметкерлері үшін орындалуға міндетті барлық бұйрықтар мен шешімдерді шығарады;
- 8) сенімхатсыз Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста іс-қимыл жасайды;
- 9) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның мүдделерін білдіруге құқық беретін сенімхаттар береді;
- 10) Қоғамның Даму жоспары әзірленуін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде оның орындалуы туралы есептің дайындалуын қамтамасыз етеді;
- 11) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, штаттық кестеге сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметін және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, қызметкерлер сыйақыларының мөлшерін айқындайды;
- 12) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орынбасарларының біріне жүктейді;
- 13) Жарғыда және Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

75. Қоғам Басқармасы:

- 1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 2) дивидендтердің уақтылы аударылуы;
- 3) қаржы-шаруашылық қызметінің қанағаттанарлықсыз нәтижесі;
- 4) Қоғам мүлкін пайдаланған кезде заңсыз іс-қимылы;

- 5) мемлекеттік мүлік тізіліміне уактылы және сапалы ақпарат ұсынбағаны үшін;
- 6) жемқорлықпен күресуге бағытталған шараларды қабылдамағаны;
- 7) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамада белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамағаны, сондай-ақ Қоғам қызметі туралы толық емес және жалған ақпарат бергені үшін жауапты болады.

### 13. Қоғамның Ішкі аудит қызметі

76. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады және Қоғамның «Ішкі аудит қызметі туралы ережесіне» сәйкес, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, оның атқарушы органының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады.

77. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

78. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, Қоғамның басшылығына және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін әрі тәуелсіз қол жеткізе алады.

79. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

80. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

### 14. Қоғамның лауазымды тұлғалары

81. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесі мүшелері және Басқарма):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам жарғысына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті;

6) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге міндетті.

82. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) іс жүзіндегі заңнамада, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

83. Жалғыз акционердің ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

